

**«Самұрық- 2019» зияткерлік білім беру мектебі**  
**Педагогикалық кеңестің**  
**№1 ХАТТАМАСЫ**

Сарыағаш қаласы

28 тамыз 2023 жыл

Төрағалық етуші: \_\_\_\_ М.Қамбарова

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Тиімді жоспарлау –нәтиже бастауы

**КҮН ТӘРТІБІ**

1.а) Педагогикалық кеңес құрамын, хатшысын сайлау.

Мектеп директоры- М.Қамбарова;

ә) Мектептің 2022 - 2023 оқу жылында атқарылған жетістіктерімен кемшіліктері және қорытындысы.

Мектеп директоры- М.Қамбарова;

2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру;

Оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрықпен таныстыру;

3. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарын бекіту;

4. Мұғалімдердің 2023-2024 оқу жылына оқу жүктемелерін бекіту;

5. Сабақ кестесін жіне қоңырау кестесін бекіту. Оқу журналдарын жүргізу форматын бекіту;

6. Оқу кабинеттері мен сынып жетекшілерін, жас мамандарға жетекшілерді бекіту;

7. Мұғалімдердің жылдық тақырыптық-күнтізбелік оқу жоспарларын және білімдегі олқылықтарды толтыру жоспарларын бекіту;

8. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін құру;

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры М. Қамбарова сөз алып педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды, 2023– 2024 оқу жылы бойынша педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алу туралы ұсыныс жасады. Дауысқа сала келе бірауыздан төраға- мектеп директоры- М. Қамбарова және хатшы бастауыш сынып мұғалімі Карилова А сайланды. Өткен оқу жылы бойынша жасалған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

2.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Педагогикалық кеңестің алғы сөзін мектеп директоры М. Қамбарова алды. Екінші мәселе бойынша оқу іс жөніндегі директор орынбасары Г.Ташпулатова тоқталып өтті. Баяндамасында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Педагог әрқашан өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға міндетті екенін айтып өтті. Жаңа оқу жылына қойылған міндеттері,



2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өзгерістер мен ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

Мектеп директоры 2023-2024 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрықты және жаңа педагогтарды ұжымға таныстырды.

2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек екенін , оқу жылының ұзақтығы 1–сыныптарда 33- апта , 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы барын , мереке күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кірістірілуі ескеріле отырып , қайталауға арналған сағаттар есебінен кемі жұмыс күндеріне ауыстырылатынын хабарлады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына :

1,2 -сыныптарда оқу процесін ұйымдастыруда:

«Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктітілген пәні оқытылады. 2-сыныптарда «Орыс тілі» пәні оқытылу басталады.

Мектептерде ата-пінлпр қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталағын құру.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыруда ҚР «Білім туралы» Заңынан, ҚР мектепке дейінгі , орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту 2023-2029 жылдарға арналған «Педагог мәртебесі туралы», «ҚР Бала құқықтары туралы» «ҚР мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды басшылыққа алынды.

«ҚР бастауыш, негізгі және орта, жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012ж. №500 бұйрық, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365; 30.09.2022ж №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен бекітілген Үлгілі оқу жоспары жүзеге асырылды;

ҚР ОАМ2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылған қысқартылған оқу жүктемесі жоспарларын таңдап алынды.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстар мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж №467, 05.07.2023ж №199 бұйрығындағы өзгерістер;

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде осы нұсқау хатпен;

Қ.Р.Білім және Ғылым министрілігінің 2022 ж 12 тамыздағы №345 бұйрығымен;30.09.2022 №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер бекітілген Үлгілі оқу жоспары жүзеге асырылды.

1-4 сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылды ;

2,4 –сыныптарға ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 9, 12-қосымша;

3-4 сыныптарға ҚР ОАМ2022 ж №412 бұйрығына 8,9,10,11,12-қосымша;

-Қ.Р.Білім және Ғылым министрілігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары.

-Қ.Р.Білім және Ғылым министрілігінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы;

-Қ.Р.Білім және Ғылым министрілігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ,2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы;

-Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы;2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

Тәрбие жұмыстары келесі құжаттарға сәйкес жүргізілді:

1. Бала құқығы туралы «БҰҰ» Конвенциясы:



2. ҚР Конституциясы;
3. «Неке және отбасы туралы» ҚР кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «ҚР баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсан № 214 -4 Заңы;
6. «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

Үшінші мәселе бойынша Г.Ташпулатова сөз алды: 2023– 2024 оқу жылының міндеттері алға қойылды: 2023-2024 оқу жылында «Самұрық-2019» зияткерлік білім беру мектебі

1-4 сыныптар аралығында 242-оқушыны құрайды. 2023-2024 оқу жылына қабылданған жаңа міндеттерді таныстырды. Жаңа міндеттер бойынша мектептің педагогикалық ұжым алдына төмендегідей мақсат-міндеттері қойылды:

Сонымен бірге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары **«Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі»** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарымен (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында әзірлейді/толтырады) таныстырып, бекітуге ұсынды.

Төртінші мәселе бойынша мұғалімдердің 2023-2024 оқу жылына оқу жүктемелерін бекітілді 1 сыныптарда -19,5; 2-сыныптарда-24; 3-сыныптарда-26; 4-сыныптарда-26;

Сонымен қатар 2023 – 2024 оқу жылына мектеп бойынша сыныптар жасақталды, аталған сыныптар сынып жетекшілер бекітілді:

Төртінші мәселе бойынша ҚР БЖҒМ 2012 жылы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды; сабақ кестесін және қоңырау кестесін бекіту. Оқу журналдарын жүргізу форматы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 03.08.2022ж. №255 хатынан негізделі «Білімкласс» журналы бекітілді;

Оқу кабинеттері мен сынып жетекшілерін, жас мамандарға жетекшілерді бекітуге ұсынды:

1-4 сыныптарда сынып жетекшілері болып бекітілді:

- 1 «А» -Жұманова Бактыгүл
- 1 «Ә»- Оразова Ақмоншак
- 1 «Б»- Алибекова Сания
- 2 «А» - Тұржанова Бибифатма
- 2 «Ә»-Мұратқызы Назима
- 2 «Б»- Тоқсанбаева Гаухар
- 3 «А»- Бекмұратова Айгүль
- 3 «Б»- Жетпісбаева Айгүль
- 3 «В»- Карилова Айжан
- 4 «А»- Сатеева Гулдана
- 4 «Ә»- Асқарова Гулжан
- 4 «Б»- Қарабаева Нурия

Қосымша пән мұғалімдер- математика бойынша Мамыраимов Мухидин, Утарбаева Гульшат, цифрлық сауаттылық бойынша-Тиляпов Жумабай, Туйчиев Шукрат, ағылшын тілі мұғалімі-Шамидин Айдана, қазақ тілі және әдебиет пәні бойынша- Байдүйсен Қалипа, орыс тілі пәні бойынша – Салыбаева Нона, дене-шынықтыру пәні бойынша- Сулейманов Султанбек.

Келесі мәселе бойынша Г.Ташпулатова 2023-2024 оқу жылының білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын ижүзеге асыру екендігін атап өтті.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында педагогтарға:

- білім алушының арта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтауды;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттілігін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыруды ұсынды;

Сонымен бірге педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұсынды. Ол өз сөзінде педагогикалық кеңестің білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылатынын айтты. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы екені айтылды.

#### ҚАУЛЫ:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат оқу -тәрбие процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынсын.
2. 2023-2024 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрық негізінде оқу жылы ұйымдастырылсын.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Мұғалімдердің 2023-2024 оқу жылындағы жүктемелері бекітілсін. Жауапкершілік Г.Ташпулатоваға жүктелсін.
5. Сабақ кестесі және қоңырау кестесі талаптарға сай бекітілсін.
6. Мұғалімдердің жылдық тақырыптық-күнтізбелік оқу жоспарларын және білімдегі олқылықтарды толтыру жоспарлары бекітілсін.
7. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері ұсынылған тізім бойынша құрылсын.

Төраға:  
Хатшы:



*M. Kambarova*  
*A. Karilova*

М.Қамбарова  
А.Карилова



3 қараша 2023 жыл

№2 хаттама

Төрағалық етуші: М.Қамбарова

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Жалпыға бірдей міндетті білім беру мен жаңа білім беру мазмұнын қалыптастыру мен дамытудың жүйелілік сипаты

### КҮН ТӘРТІБІ

1. №1 педкеңес қаулысының орындалуы
2. 2023-2024 оқу жылындағы I тоқсан қорытындысы. Әр сынып мұғалімдерінің мәлімдемесі.
3. Пән мұғалімдерінің статистикасын талқылау. М.Қамбарова
4. Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша салыстыру сараптамасы.
5. Білім ленд платформасы бойынша кемшіліктерді толықтыру. Г. Ташпулатова

### ТЫҢДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: Педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды. Алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды қорытындылады.

### Сөйлегендер:

Бірінші мәселе бойынша №1 қаулысының орындалуы бойынша мектеп директорының орынбасары Г.Ташпулатова №1 педагогикалық кеңесінің жоспарланған жұмыстарының толық нәтижелі орындалуын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – Г. Ташпулатова сөз алды. Ол өз сөзінде 1-тоқсанның қорытындысының бойынша білім сапасына тоқталды.

Білім сапасы бойынша 2-сыныптар 72%, 3-сыныптар бойынша білім сапасы 56% 4-сыныптар бойынша білім сапасы 70% екенін айтып өтті. Сыныптар бойынша әр сынып жетекшісі тоқсан бойынша төмендегідей сапа көрсеткенін айтып өтті:

1.	2 «а» сынып:17 :	8 оқу екпіндісі: 5 оқу озаты;	76% білім сапасы,
2.	2 «ә» сынып: 22:	5оқу екпіндісі: 11 оқу озаты;	76% білім сапасы,
3.	2 «б» сынып: 19:	5 оқу екпіндісі: 8 оқу озаты;	68 % білім сапасы,
4.	3 «а» сынып: 21:	9 оқу екпіндісі: 8оқу озаты;	80% білім сапасы,
5.	3 «б» класы:24:	9 оқу екпіндісі: 4оқу озаты;	62% білім сапасы,
6.	3 «в» сынып:21:	8 оқу екпіндісі: 4оқу озаты	57 % білім сапасы,
7.	4 «а» сынып:22:	10 оқу екпіндісі: 6 оқу озаты;	72% білім сапасы,
8.	4 «ә» сынып:17:	3 оқу екпіндісі: 5 оқу озаты;	58 % білім сапасы,
9.	4«б» сынып:21:	9 оқу екпіндісі: 7оқу озаты;	76% білім сапасы,

Үшінші мәселе бойынша тоқсан қорытындысы мектеп директоры М. Қамбарова талдау жүргізді. Пән мұғалімдерінің статистикасын бойынша орыс тілі пәні мұғалімі Нонна Қудайбергенова сөз сөйлеп үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіп жатқан жұмыстарын айтып өтті. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Шамшидин Айдана оқушыларды 5 бағыт бойынша бағалайтынын айтып өтті. Бір сабақтан 4-3 шыққан оқушылармен жұмыс жасайтынын айтты.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Туржанова Бибифатма апталықтарды болатынын және ұйымдастыру жұмыстарын аттап өтті, 2-тоқсан барысында

директорлық бақылау және диктант алуды жоспарланатынын айтылды. Апталық барысында сыныптар арасындағы сайыстарды ұйымдастыру қазақ тілінен, математика, өлеңді мәнерлеп оқу, сурет салу сыныптар арасында сайыстар ұйымдастыру туралы айтылды.

Бесінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу іс жөніндегі орынбасары Г. Ташпулатова Білім ленд платформасы бойынша кемшіліктерді толықтырды. Кемшіліктер жөнінде жұмыс жасау керектігі туралы айтылды.

Әр түрлі мәселелер бойынша директор сөз қозғады. 4-сыныптарының МОДО тестке дайындық жұмыстары туралы әр сынып жетекшісі мәселелер қозғады.

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы I тоқсан қорытындысы. Әр сынып мұғалімдерінің мәлімдемесі бойынша қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Тоқсан қорытындысы және талдау. Пән мұғалімдерінің статистикасы қанағаттанарлы деп табылсын.
3. II- тоқсан жоспарларымен танысу, бастауыш сынып мұғалімдерін оқу барысындағы жаңалықтарын тыңдау барысында жұмыстар іске асырылсын.
4. Апталықтарды, директорлық бақылау және диктант алуды жоспарлау. Сыныптар арасындағы сайыстарды ұйымдастыру жүзеге асырылсын.
5. Білім ленд платформасы бойынша кемшіліктерді толықтырылсын.

Төраға:  
Хатшы:



М. Қамбарова  
А. Карилова